



ӘОЖ 94(574)

ҒТАХР 13.04

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).179

Оразбаева Д.Е.

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан**

E-mail: orazbaevadana@mail.ru

УАҚЫТ МОДУСТАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ ФЕНОМЕНІ
(Тарихи модуста)

Аңдатпа. Мақалада батырлық феномені мәдени уақыт модусында қарастырылады, оның қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы орны зерделенеді. Батырлық дәстүрі ұлттық рухани кодын, мәдени тұтастығын және тарихи сабақтастығын бейнелейтін маңызды мәдени феномен ретінде қарастырылады. Батырлық феномені өткен мен бүгіннің мәдени диалогы ретінде ұлттық сана мен тарихи тәжірибеміздің өзара байланысын көрсетеді. Мақалада «қазақ батырларының бейнесі әртүрлі уақыт модусында қалай репрезентацияланды және ұлттық жадының қалай қалыптастырады?» деген сұраққа жауап беруге тырысамын.

Зерттеудің мақсаты - батырлық феноменін мәдени уақыт модусы тұрғысынан кешенді талдау және оның тарихи-мәдени репрезентациясын айқындау.

Зерттеу жұмысының теориялық бөлімінде батырлық феномені тарихи оқиғалар, түрлі дискурстар және тарихи-мәдени жады ұғымдары арқылы зерделенеді. Бұл тұрғыда батырлық бейненің қоғамдағы орнына, ұжымдық жадтағы, тарихи нарративтегі көрінісіне баса назар аударылады.

Зерттеудің эмпирикалық бөлімінде ел тәуелсіздігі жолында ерлік көрсеткен Ер Жәнібек Бердәулетұлы, Малайсары Тоқтауылұлы, Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы, Ақжолтай Ағыбай, Қанжығалы Бөгенбай, батырлардың ерліктері мен оларға орнатылған ескерткіштердің маңыздылығына талдау жасалады.

Мақалада қолданылған суреттер мен оған қатысты ақпараттар Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан өңірлерінде жүргізілген далалық зерттеулердің нәтижесінде алынды

Кілт сөздер: батырлық феномені, уақыт модусі, батыр бейнесі, қайсар рух, ескерткіш, мәдени жады, қаһарман, тарих.

Кіріспе

Әрбір тарихи кезең өзіне тән батырлық үлгісін тудырған. Бұл құбылыс уақыт модусы – яғни белгілі бір тарихи заманның мәдени, әлеуметтік, саяси ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Мысалы, ерте кезеңде батырлар бейнесі жаугершілік заманда ел мен жерді сыртқы жаудан қорғаған ержүрек тұлғалармен



байланысты болса, қазіргі кезде бұл ұғым рухани ерлік, қоғамдық сана мен ұлттық мүдде жолындағы күреспен ұштасады. Батырлық феномен тарихи мәдени контекстке байланысты дамиды. Уақытық модуске бес қаруды меңгерген тарихи шайқастарға қатысқан архетиптік батырлар кіреді. Батыр ол халық жадында елдің азаттығы мен тұтастығын қорғаған тұлғалар ретінде сақталған. Тарихымыз қазақ хандығы тұсындағы Абылай хан мен оның сарбаздарының бейнесін, батырлар феноменінің айқын көрінісі екенін көрсетеді. Сондай ақ, қазақ батырларының болмысының өміршендігі – уақыт пен кеңістік категориялары арқылы халық жадында сақталуы арқылы сабақтастық табады.

Батыр термині біздің күнделікті өмірімізде қолданылады. Бүгінгі таңда дүниеге ер бала келсе, «қазақ еліне бір батыр» деп көліктеріне, әлеуметтік желіге жазғандарды көреміз. «Қазақ еліне бір батыр» деген тіркес – қазақтың дәстүрлі дүниетанымында әр бір ұлды батырға теңеген және солай өсірген. Демек, батыр біздің қоғам үшін ол идеалды образ. Себебі, әр қазақ баласына «Батыр бол!» – деп бата берген. Төл мәдениетімізде ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бере отырып, оны тек жеке отбасының ісі емес, тұтас ұлттың міндеті деп білген. Әсіресе, ер балаларды – болашақ ел қорғаушысы, отбасының тірегі деп оларды жастайынан салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен сусындатып өсірген. Яғни бала кезден бастап баланың бойына батырлықты сіңіріп тәрбиелеген. Қазақ дүниетанымында батыр ол дәстүрмен өлшенген. Олар әскери қабілеттерімен, ерлігімен, батырлығымен қатар ұлттық мәдениеттің, дәстүрдің, рухани құндылықтардың тасымалдаушысы. Олар ел алдында моральдық жауапкершілік алып ел билеп күрделі елдің дауын тарқатып осылайша, батырлық әрбір кезеңнің сын қатері мен өлшенген. Тарихымызда аға батырлар, тайпалық, рулық, ұлттық, жүздік, деңгейдегі батырлардың көп болғанын білеміз. Әр ру тармағынан бір батыр шыққан. Қазақ батырларының болмысы-ұлттық бірегейліктің көрінісі, халықтың рухани, мәдени танымына әсер етеді. Қазақ батырларының еңбектері мен ерліктері тарихтағы күрделі кезеңдермен тығыз байланысты. Батырлар – елдің азаттығы мен тұтастығы жолында жанын пида еткен тұлғалар ғана емес, сонымен қатар ұлттық рух пен мәдени жадының символына айналған кейіпкерлер. Дәстүрлі түрде қазақ батырлары жайлы батырлар жырынан, аңыз-әңгімелерден эпостардан білеміз.

Әдебиеттанушылар батырларды мифопоэтикалық кеңістік аясында зерттесе, тарихшы ғалымдар батырлардың тұлғасын нақты тарихи оқиғалар мен шайқастар шеңберінде қарастырады.

Бұл мақалада, батырлық феномені тарихи мәдени тұрғыдан кешенді түрде зерттеліп, батырлар бейнесі тарихи жады арқылы зерттеледі. Зерттеу нысаны ретінде елін, жерін қорғауда ерекше ерлік көрсеткен Ер Жәнібек Бердәулетұлы, Малайсары Тоқтауылұлы, Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы, Ақжолтай Ағыбай, Қанжығалы Бөгенбай, батырлар сынды тарихи тұлғалардың батырлық дискурсы мен оларға орнатылған ескерткіштер зерттеуге алынды. Батырлар халықтың жадында тек аңыз болып қалмай, ұлттық идеалдардың, қаһармандық пен руханилықтың отансүйгіштіктің нышаны. Ең алғаш біз қазақ батырларының бейнесін батырлар жырынан да көреміз. Оған дәлел қазақ ауыз әдебиетіндегі «Алпамыс батыр», «Керқұла атты Кендебай», «Қамбар батыр», «Қырымның қырық



батыры» атты батырлық ертегілер мен жыр дастандар. Жыр дастандар мен аңыздар арқылы қазақ баласын батырлыққа, адалдыққа, ерлік пен жаугершілік рухқа тәрбиеледі. Көне заманнан батырларды тек жыр дастандар арқылы танып дәріптелсе, қазіргі таңда батырлардың болмысын тану мүмкіндігі мол. Жергілікті аймақтарда батырларға арналған батыр ескерткіштері, естелік тақтайшалар, саябақтар, ауылдарға батыр есімін беру, көше атауларын беру, мазарлар мен кесене тұрғызу үрдісі белен алуда. Бұл үрдіс өңірлердің инфрақұрылымымен қоса тарихи мәдени рухани мұрасын дамытып, мемлекеттік деңгейдегі Киелі Қазақстан (Киелі Қазақстан географиясы, 2017), Ұлы даланың жеті қыры (Ұлы даланың жеті қыры, 2018) атты жобалар аясында ғылыми тұрғыдан кешенді түрде зерттелуде.

Киелі Қазақстан (Киелі Қазақстан географиясы, 2017) жобасы аясында өңірлердің мәдени-тарихи мұрасы зерттеліп, және материалдық тұрғыдан сакралды нысандар, кесенелерді қалыпқа келтіру, ескерткіш орнату, оларды мемлекеттік қорғауға алу сияқты үрдістер батыр феноменін қайта жаңғыруын көрсетеді. 2018 жылы жарияланған Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы – қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртып тереңнен тамыр тарататын мәдени құндылықтарын қайта бағамдауға бағытталған. Мақалада көтерілген басты концепциясы – «Алтын адам» және «Атқа міну мәдениеті», яғни жауынгерлік дәстүр мен көшпелі өркениеттің өзегі. Бұл ұғымдар ежелгі түркі, сақ-ғұн заманынан бастау алып, бүгінгі күннің ұлттық болмысын ашады. Атқа міну мәдениетінің концепциясы жылқының қолға үйретілуі үрдісін қалыптастырды. Қару-жарағын асынған салт атты жауынгер бейнесі – айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған атты жауынгер – келбеті батырлық дәуірінің ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер өркениетінің «мәдени кодының» ерекше элементі болып табылады [1]. Дегенмен, бүгінгі таңда батырлар болмысын зерттеу қажеттілігі тақырыптың өзектілігін дәйектейді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу аясында тақырыпты тереңірек ашуға мүмкіндік беретін бірнеше әдістер қолданылды. Ең негізгі зерттеу әдісі ол далалық зерттеу. Далалық зерттеу әдісі – әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын эмпирикалық тәсілдердің бірі. Өңірлердегі батырларға орнатылған ескерткіштерді зерттеу барысында визуалды талдау, бақылау әдісі қолданылды. Батырлар ескерткіштері орналасқан өңірлерге тікелей бару арқылы олардың тарихи, мәдени және әлеуметтік маңызын зерделеу. Зерттеу барысында, ескерткіштердің локациясы анықталып, маңайындағы инфрақұрылым, жергілікті халықтың олармен өзара байланысы және мемориалдық ландшафтың қазіргі қоғамдағы рөлі бақыланып, фотоға түсіріліп визуалды талдау және нарративтік талдау әдістерімен толықтырылып, зерттеу мақсатына сәйкес өңделді. Алынған деректерді сипаттау әдісі, типологиялық әдіс қолдана отырып, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын саралап контент - талдау жасап, феноменологиялық әдістері қолданылды. Бұл әдістер батырлардың тұлғалық бейнесін ғылыми тұрғыдан жан жақты талдауға мүмкіндік берді.



Талқылау Батырлар феномені

Кез келген дәуірде, өзінің ісімен, батылдығымен қабілет қасиетімен танылған қайраткер тұлғалар болды. Олардың қатарында ұлтының тұтастығы мен жерінің бүтіндігін қорғау жолындағы тарихи шайқастарда қол бастаған қазақ батырларының орны ерекше. Қазақ тарихында батырларды зерттеуші ғалымдар аз емес, әдебиеттанушылар батырларды ауыз әдебиеті жыр-дастандар арқылы зерттесе, ал тарихшылар батырларды олардың тарихи шайқастарда көрсеткен ерліктері, олардың жаугершілік заманда қоғамдағы ролін зерттеген. Қазақ мәдениетінің тарихында батыр болмысын батырлар жырынан, эпостардан, аңыз - әпсаналардан білеміз. Батырлық жырларын зерттеген ғалымдар қатарында Ш.Уәлиханов, Ә.Х.Марғұлан, М.Мағауин, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, сынды зерттеушілер бар. Ал батыр тұлғасын тарихи модус тұрғысынан зерттеген ғалымдар Бекмаханов И.В.Ерофеева, Ж.О. Артықбаев., М.Алпысбес, және А.К. Кушқумбаев, М.Дауытбекованы атап өтуге болады.

Біздің зерттеуіміз тарихи мәдени контексте кешенді түрде зерттеледі. Осылайша батыр феномені Қазақ халқының тарихи және мәдени мұрасында батырлық феномені ерекше орын алады.

Батырлық тек әскери ерлікпен ғана емес, сондай-ақ тұлғаның моральдық-этикалық құндылықтарын, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызды ролін білдіреді. Батырлық - халықтың ұлттық сана-сезімінде және мәдениетінде терең тамыр жайып, қоғамның идеалдары мен құндылықтарын бейнелейтін тұлға. «Батыр» термині түркі-монғол халықтарында кездеседі. Батыр сөзінің қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігінде «ел қамы үшін жауымен сайысқан тарихи қаһарман, алып ер» екендігі жазылады [2].

Батыр болмысы жаратылысынан ерекше тұлға. Ел мен жерді қорғау, елдің қонысын кеңейту ісіне батыр жеке басына төнетін қауіп пен қатерді еш елемей, жауға аттанып, қамал бұзып, шапқыншыларға қарсы шығып, қаһармандық істерімен елдің, халқының шексіз құрметіне ие болатын болған [3].

Зерттеушілер батыр терминін алғаш рет орта ғасырда пайда болды деп есептейді. Батыр сөзінің этимологиясына келетін болсақ, «багатур» ержүрек, қаһарман деген мағынаны білдіреді [4]. Батыр феномені тарихи тұрғыда елдің қорғаушысы әділдік пен тәуелсіздіктің жаршысы ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде «батыр» термині әлеуметтік мәнге ие болғанымен жеке тұлғалық ерекшеліктерді сипаттайтын термин ретінде қоғамда қолдансақ ие болады. Батырлар жалпы түркі халықтарының арасында кездесе отырып, қазақ қоғамында да әлеуметтік мәдени маңыздылығы болды. Қазақ тарихындағы батырлық кезеңіне байланысты Шоқан Уәлиханов та зерттеулері бар. Өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ қоғамы мен оның билеушілері жайында жазған еңбектерінде «батырлық» терминіне тоқталып «Батыр – ең маңызды және беделді тұлға, ол соғыста жолбарыстай айбарлы, арыстандай қайратты болуы тиіс. Ол- айтқан сөзі халыққа өтетін, елге ең сыйлы адам», -деп анықтама берді. «Абылай» атты мақаласында қазақ халқының Ресей мен Қытай секілді екі алып империяның арасындағы тәуелсіздікті сақтап қалу жолындағы қызметі мен ханның өмір сүрген уақытын «Абылай ғасыры кырғыздардың (қазақтардың) жауынгерлік (серілік) заманы болды», -деп жазды [5].



Жалпы, қазақ мәдениетінің тарихында батырлар институтының қалыптасу генезисі мен эволюциясы Қазақ хандығының хандығының құрылуына дейінгі ғасырлардан бастау алады. Қазақ батырларының тарихы жайлы ауызшы деректермен сипаталады. Бұған қатысты ауызша тарихи деректердің негізгі тобын батырлар жыры мен ақын жыраулардың жазып қалдырған шығармалары құрайды. Батырлар институтының бастау көзі, олардың әлеуметтік топ ретінде қалыптасу кезеңдерінің тарихи эволюциясы осындай ауызша деректерден анық көрініс береді. Сыртқы жауларға қарсы күресіп, елдің ішкі сыртқы жағдайы мен, саяси ахуалын және қаһарман жауынгердің болмысын, соғыс сәтіндегі ерлігі қайсарлығы жайында жырларда жырлаған ерлік жырларын шығарушы жорық жырауы Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Қожаберген, Ақтамберді, Бұхар, Үмбетей, Тәтіқара жыраулардың еңбектерінің тарихи маңызы терең [6].

Зерттеуші ғалым И.Ерофеева батыр термині жайында былай пайымдайған: түркі-монғол тіліндегі «батыр», «багатур», «бахадур» сөздері алғашқы кезде белгілі бір шайқас алдында жауды жекпе-жекке шақырған ержүректікті білдіреді. Бұл транскрипцияда ол XIV ғасырда орыс тіліне еніп, «батыл», «жауынгер» деген мағына берді. орыс калькасымен қатар – «богатырь» Мәскеу мемлекетінде XV аяғы мен XVI басында шетелдік жауынгерлерді атау үшін түркітілдес «батыр» термині қолданылған [7]. Батыр ұғымы көшпелі қазақтардың мың ғасырлық тарихындағы, қазақ қоғамындағы батырлар институтының генезисі Еуразияның көшпелі даласымен тығыз байланысты. Номадизмнің қалыптасу дәуірінен бастап орта ғасырдың аяғына дейін Еуразия далаларының көшпелі қоғамына тән әскери ұйымның болуы. Әскери ұйым барлық көшпелі халықтарының әлеуметтік-тарихи дамуына маңызды роль атқарды. Ол номадтардың әртүрлі патронимиялық топтардың қалыптасқан құқықтық-мәртебелік иерархиясына негізделген және олардың шежірелік ұйымымен сәйкес келді [8]. Батыр феномені жөнінде ғалым М. Алпысбес: батыр – ол айбатты қаһарман, жігерлі, асқан рухты жан жаужүрек ер, Батыр дегеніміз орасан зор күш-қайраттың иесі әрі айбынды ерен жауынгер. Батырлардың біршамасы әрі би әрі батыр әрі би болған шешендік сөз иелері, ұрпағына насихат айтқан тұлғалар. Батырлық қасиет ел қамын ойлау мен қатар, жерді, елді, жаудан қорғау үшін жанын қиюға дайын болған. Батырлар жауын жеңу мақсатында түрлі әскери амал-айланы қолдана білген. Батыр қазақ қоғамында нақты бір әлеуметтік рөл атқарған халықтың өкілі болған. Жаугершілік уақытта, ел қорғау қызметін атқарып, бейбіт заманда рубасылық ролінде, елдің әлеуметтік-саяси өміріне де белсенді араласқан. Сондай ақ, билермен ақсақалдармен бірлесе отырып ел мүддесі үшін ханға қызмет жасаған. Халық арасында шаруалармен қатар, еларалық қатынастарды дамытуға үлес қосып, хан сайлауда, жиындарда батырлардың қатысуы міндетті болған, олардың даусы маңызды саналған. Және де елшілік, жаугершілік делегациялардың құрамында да атақты батырлар болғаны жайлы жазады. Батырлардың маңызды ролі XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырылған ұлт – азаттық күресте маңызы өте жоғары болды деп жазған [9].

Сонымен қатар, ежелгі заманнан бастап қазіргі заманның басына дейін көшпелі қоғамдардың әскери ұйымының маңызды элементі батырлар институты



болды. Батырлық ерте орта ғасырлардан бастап Еуразияның барлық көшпелі халықтарында кең таралған. Ол кезде күш, ержүректік сияқты адамның жеке қасиеттері әлеуметтік маңызы болмады. Ержүректік, батырлық атақ тегіне емес жеке қасиеттері үшін берілген [10].

М.Дауытбекова өзінің зерттеулерінде «батыр» сөзіне қатысты 1917 жылға дейінгі зерттеушілер еңбектерінде оның түркі-монғолдық «баһадур, batur, багадур, бак-хату, сөздерінен шыққан деп деген тұжырым жасайды [11].

Батырлардың әлеуметтік, саяси күш ретінде институтқа айналуы бұдан кейінгі кезеңдерде біртіндеп жүзеге асты. Қазақ батырларының саяси-әлеуметтік құрылымында ерекше орынға ие болуына байланысты көшпелі қоғамның, ру - тайпалық құрылымы мен саяси-потестарлы ұйымдасуымен ерекшеленді. Батырлар халық арасындағы ынтымақтастықты дамыту, халықты біріктіру дәстүрмен мәдениетті сақтауда маңызды рөл атқарды.

Қазақ даласындағы батырлар ескерткіштері

Далалық зерттеуіміздің мақсаты- еліміздің әр өңірлерінде орналасқан батырлар ескерткіштерді зерттеу арқылы олардың тарихи тұлғалық болмысын, батырлығын, ерлігін, ұлт санасындағы орнын айқындау. Ескерткіш – тек мүсіндік мәдени туынды емес, ол ұлт жадысының халықтың батырларға деген құрметінің көрінісі. Осы тұрғыда батырлар ескерткіштерін талдау арқылы батыр болмысының ел жадында қалай сақтағанын, олардың қайсар рухы мен батылдығы бүгінгі күнмен үндестігін көрсету көзделеді. Қазақ батырлары – олар қолбасшы, әскери өнерді жетік меңгерген, қоғамдық пікірді қалыптастырушы, халықтың әлеуметтік құрылымында маңызды рөл атқарушы тұлғалар. Бүгінгі таңда Қазақ батырларын дәріптеудің түрлі мысалдары бар. Әрине ғасырдан ғасырға жалғасып, халық жадында сақталған батырлар жырлары ол батырлардың ерлігін ұлықтаудың жарқын масылы. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ батырларының болмысы жаңа мәнге ие болды. Бүгінгі таңда ұлттық мәдениетті жаңғырту мен батырларды ұлықтау олардың ерлігін дәріптеу бағытында түрлі тәжірибелер жүргізілуде. Алайда, батырлар болмысын дәріптейтін естелік орыны ретінде қалыптасқан батырлар ескерткіштері жыл санап елімізде көбеюде. Тарихшы М. Қозыбаев атап өткендей, егер батырларды тек рулық- тайпалық деңгейде ғана бағалап, олардың ерлігін ұлттық масштабқа көтере алмасақ, онда мұндай көзқарас ұлттық сананың өсу жолына тосқауыл болады [12]. Қазіргі таңда еліміздің әр өңірінде батырларға арналған ескерткіштер бой көтеруде. Алайда көп жағдайда бұл ескерткіштер батырдың шыққан руы немесе туған жері тұрғысынан маңыздалып, жергілікті деңгейде ұлықталуда. Бұл жағдайда М.Қозыбаев айтқан аймақтық тар шеңберде дәріптеудің көрінісі. Мысалы, Қабанбай батырға тек Шығыс Қазақстанда ескерткіш орнатылса, ал Бөгенбай батырға Ақмола өңірінде орнатылған. Жаугершілік заманда қазақтың жауға шапқан батырларына Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай деп руларын бірге қосып ұрандатудың астарында үлкен мән бар сияқты. Қазіргі таңда сол ру өз руынан шыққан батырларға өз жеріне, ескерткіш орнату трендке айналған. Анализ жасайтын болсақ Шақшақ Жәнібек Қостанай қаласында, Ағыбай батыр Балхаш қаласында ескерткіш орнатылған. Жалпы қай өңірге барсақта сол жерден шыққан батырдың ескерткішін кездестіресің. Бұл жайында



Күлшат Медеуова өзінің «Затянувшая «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане» мақаласында: Қазақстандағы батырларды мемориалдандыру ерекшеліктерінің бірі ол аумақтық орналасуы болып табылады. Батырларға арналған мемориалдар әрдайым батырдың белгілі жерге руға жататындығы көрсетіледі. Сонымен, Қабанбай батыр ескерткіштерін тек шығыста, ал Сырым Датов ескерткішін Қазақстанның батысында ғана кездестіруге болады. Яғни, бұл ескерткіштер мен монументтер қазіргі кезде шығу тегіне байланысты белгілі бір территорияның мәдени жадыны айқындау үшін орнатылған [13]. Ескерткіш белгілі қоғам қайраткерлеріне, ұлы тұлғаларға батырларға немесе тарихи оқиғаларды есте қалдыру мақсатында орнатылатын мүсіндік туынды. Ескерткіштер қала алаңына, саябаққа адамдардың туған жерлеріне немесе белгілі тарихи орындарға қойылады. Сонымен қатар, ескерткіштер белгілі бір тарихты, мәдени құндылықтарды, мұралады, идеяларды көрсету мақсатында орнатылады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақ батырларына орнатылған ескерткіштер жыл санап көбеюде. Бұл тәжірибе мемлекеттік тарапынан тапсырыс ретінде ғана емес, кезінде жаудан қорғаған батырлардың ұрпақтары, руластары не жерлестерінің бастамасымен де (уәкілетті органдардың рұқсат-келісімімен) жүзеге асуда [14]. Қазақ батырларына арнап орнатылған ескерткіштер еліміздің кең байтақ даласында, ауыл аудан мен қаланың орталық алаңдарында саябақтарда кездестіруге болады. Батырлар қазақ қоғамы үшін «эмоционалды тұлға». Батырлар азаттықтың, еркіндіктің елдіктің нышаны. Қазақстанның аймақтарында орнатылған ескерткіштердің бір ерекшелігі – барлығы аттың үстінде отырғызылған. Бұл халық санасында жылқы малының да адам өмірінде, оның ішінде батыр болмысын сипаттауда маңызды орын алатынын көрсетеді [15]. Батырлар бейнесін сомдаған ескерткіштердің эстетикалық және көркемдік ерекшеліктерін К.Медеуованың «Конная скульптура современности» мақаласында жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыда сипатталды [16]. Қолына найза мен қалқан ұстаған, ат үстіндегі батырдың ескерткіштері еліміздің әр аймағында жиі кездеседі. Қазақ батырларын атсыз елестету қиын, бұл өз алдына бөлек тақырып. Дегенмен, бұл көрініс халқымыздың ұжымдық жадындағы бейнелердің бірі ретінде қалыптасқан. Батырларға арналған ескерткіштер әр түрлі үлгіде сомдалған кейбірі ат үстінде жауға қарсы шабуылға шыққан күйі бейнеленсе, басқалары екі аяғымен тік тұрып, қолын жоғары сермеген қалыпта бейнеленген. Осындай кейстердің бірі – Қалба тауының баурайында орналасқан Ер Жәнібек Бердәулетұлы ескерткіші (1 сурет). Жәнібек батыр (1714-1792) Абылай хан заманында өмір сүрген атақты батырлардың бірі. Ел қорғаудағы ерен ерліктеріне қарай есімінің алдына «Ер» деген атау қосылып «Ер Жәнібек» атанған. Тарихи мәліметтерге сүйенер болсақ Ер Жәнібек қазақ- жоңғар соғысына қатысқан. Батыр бейіті де Қалба тауының маңайында орналасқан. Ескерткіштің ерекшелігі батырдың қос бөрімен бірге бейнеленуі. Бұл композиция Ер Жәнібектің батылдығын, ерлігін, ел қорғаған батыр ретінде образын айқындайды. Ескерткіштің салтанатты ашылуы батырдың 300 жылдығына орай ұйымдастырылған. Бұл ескерткіштің тағы бір ерекшелігі ол орналасу жері. Әдетте батырлар ескерткіштері аудан орталығында, саябақтарда немесе қаланың ауылдың кіре берісінде орнатылса



Ер Жәнібек ескерткіші өзінің жерленген жеріне ортатылған. Бұл да батырдың халық арасындағы және қоғам үшін де маңызды орнын айқындайды.



*1 - сурет - Ер Жәнібек Бердәулетұлы ескерткіші
(фото авторы Оразбаева Д.Е. суреті 2025 ж.)*

Қалба тауының бауырындағы үлкен жолдың бойында тұрған Ер Жәнібектің кесене-ескерткіші батырды ұлықтаған халықтың ықыласы. Қазақ тарихында «Ер Жәнібекке» арналған халық арасында тараған аңыз бен жырларда батырдың батылдығымен қоса тілге шешен, ойға көсем, би болғандығы да айтылады. Батыр жайында жырлар мен аңыз мәтіндерінде, жоңғар шапқыншылығы мен қазақ батырларының оған жасаған зілді тойтарысы баяндалады. Олардың ерлік істері, халықтың басындағы ауыр хал, жоңғар шапқыншылығы заманындағы әлеумет өмірі жиі көрініс табады. Осындай есімі көп кездесетін батырлардың бірі – Ер Жәнібек [17]. Ер Жәнібектің батырлығы, ерліктері, халықтың асыл мұрасы, ұрпақтарының жадында үлгі өнеге болып қала береді.



2 - сурет - Павлодар қаласындағы Малайсары батыр ескерткіші
(автор Оразбаева Д.Е. суреті 2025 ж.)

Малайсары батыр ескерткіші Павлодар қаласында орнатылған. Малайсары Тоқтауылұлы - Орта жүздің батыры әрі биі. Арғын тайпасының бәсентейін руынанан шыққан. Малайсары батыр Абылай ханның сұлтан кезінен сенімді серігі болған. Ол сол заманның тыныс-тіршілігін, қазақ халқының сыртқы-ішкі жағдайын ашып бере алатын тарихи қайтаркер. Малайсары батыр XVIII ғасырда қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күреске шығып алып азаматтар тобын басқарған. Орталық Азияның ұлы өзені, Ертіс бойын жаудан қорғап тарихта ерлігімен танылған. Өз заманында сан қилы соғыстарға қатысып, жаугершіліктің ортасында жүріп елшілік қызметі де атқарған батыр [18]. Ш.Уәлихановтың «Исторические предания о батырах XVIII века» атты мақаласында қазақ батырлары туралы мәліметтер халық аңыздарына сүйене отырып баяндалады. Осы еңбекте Малайсары батырдың қазақ хандығының саяси және әскери өміріндегі маңыздылығы атап өтіледі. Әсіресе, оның Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі болғандығы және жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі ерлігі айрықша бағаланады. Абылай ханның Малайсары батырға деген құрметі ерекше болғаны да тарихи деректерден белгілі. Бірде Абылай ханнан үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейтіні сұралғанда, ол Қазбек бидің Галданның тұтқынынан 90 адамды қайтарғанын, Дербісәлі Уақ батырдың ерлігін және бәсентейін руынан шыққан Малайсары батырды ерекше атап өткен [18; 258]. Малайсары батыр тек әскери қолбасшы ғана емес, сонымен қатар қазақ елінің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыруға ықпал еткен тұлға ретінде де танымал. Батыр ескерткіші (2 сурет) Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай батыр ескерткішінің ашылуы «Ұлы дала елі»



фестивалі аясында өтті. («Ұлы дала елі» фестивалі) [19]. Батырдың мүсіні қоладан құйылып, аттың үстінде бейнеленген. Бұл оның жауынгерлік ерлігін, ел басқарудағы қайраткерлік бейнесі көрсетілген. Гранит тастан жасалған тұғырға батыр туралы мәліметтер жазылған. Ескерткіштің маңайы кең абаттандырылып, саябақ ретінде халыққа жайлы серуендеуге болатын орынға айналған.



3 – сурет - Қостанай қаласындағы Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы ескерткіші
(автор Оразбаева Д.Е. суреті 2024 ж.)

Қазақстанның солтүстік аймақтарында көне заманнан бері тоғыз жолдың торабы болып, және оған әркімдердің қызыққандығын дәлелдейтін тарихта деректер бар. Солтүстіктің киелі жері, талай батырлар мен ақын жырауларды, халыққа қызмет еткен билер мен шешендерді дүниеге әкелген. Соның ішінде Арғын тайпасынан шыққан белгілі қолбасшы батыр, би Жәнібек Қошқарұлы. Туған жері Торғай өңірі. Осыған байланысты Торғай өңірі батырға бірнеше ескерткіш орнатылған. Бірінші ескерткіш, Жангелді ауданындағы Ақшығанақ ауылдында және Арқалық қаласында және Қостанай қаласында орнатылған. Арқалық қаласындағы батыр ескерткішінде аттың үстінде алға қараған қаһарлы келбетпен бейнеленген. Бұл оның елін жаудан қорғаған қайсар мінезін айқындайды. Ал, Қостанай қаласындағы ескерткіш қаланың батыс жақ кіреберісінегі әуе жайдан келе жатқан айналма жолдың ортасында орналасқан (3сурет). Мүсін композициясы батырдың рухани-ерлік болмысын батырдың ат үстіндегі қолындағы найза ұстаған бейнесі айқын бейнеленген. Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақтың алып батыр қаһарманы. Жәнібек Қошқарұлы жайлы Елдің солтүстігін жаудан қорғап,



Ресеймен келіссөздер жүргізіп, дипломатиялық қатынас орнатуға үлес қосқан [20]. Ескерткіш туған жер бағдарламасы аясында орнатылған.



4 – сурет - Балқаш қаласындағы Ақжолтай Ағыбай батыр ескерткіші
(автор Оразбаева Д.Е. 2024ж)

Ақжолтай Ағыбай ескерткіші Балқаш қаласында Тәуелсіздік алаңына орнатылған. Ақжолтай Ағыбай ескерткіші қазақтың классикалық батырдың бейнесі көркем түрде ұсынатын композициямен жасалған (4 сурет). Батыр шауып келе жатқан тұлпардың үстінде мүсінделген. Бұл оның өмір бойы жауға қарсы шайқастарда болған ер тұлғасын көрсетеді. Атты мүсін биік гранит тұғырға орнатылған. Тұғырда шеңбер пішінді барельеф орнатылған онда батырдың есімі жазылып ортасында қазақтың дәстүрлі таңба үлгісіне ұқсас ою бейнеленген. Батырдың ерлігі мен батырлық болмысы қазақ халқының тарихи жадында сақталып, жыр-дастандар мен шежірелерде көрініс тапты. Ағыбай батыр Кенесары ханның бірінші әскери кеңесшісі болды. Ағыбай батырдың бойында батырлығымен қоса ұйымдастырушық қасиеті де басым болған. Оған дәлел, әскерінің саны күн сайын толығып отырған. Кенесары әскерінде бас батыр болып қолбасшылығымен батырлығымен халық сүйіспеншілігіне айналған [21]. Халық арасында тараған аңыз бойынша қалмақпен соғысқан қазақтың соңғы батыры. Тарихи деректер бойынша, Түркістан соғысында Ағыбай батыр және оған ерген қоңыраттың батырлары Иқан деген жерде орыс отаршыларын ойсырата жеңеді. Соғыс аяқталған соң Ағыбай батыр өз еліне қоңырат батырларымен елге оралады. Балқаш бойын мекендеген Қоңырат батырларының жері бұл күнде «Қоңырат кені» деп аталады. 1885 жылы Ағыбай батыр Балқаш көлінде Тасарал қамалында қайтыс болады. Батырдың денесін халық бір жыл сүрелеп, ас беріп «Қожа Ахмет Яссауи



кесенесіне қоюға апарды. Бірақ, орыс отаршылдары қарсы болып Ағыбай батырды Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен жерінде Тайатқан-Шұнақ деген жерленген [22]. Бүгінгі таңда Ағыбай батырдың кесенесі жергілікті халық пен саяхатшылар үшін зиярат орнына айналған. Кесене басындағы шықрақшының айтуы бойынша мал сойып, қазан көтеріп, құран оқып, батырдың басына түнеп зиярат ету тәжірибелері де жасалады.



5 - сурет - Ерейментау қаласындағы Қанжығалы Бөгенбай батыр ескерткіші
(автор Оразбаева Д.Е. 2024ж)

Ақшаұлы Бөгенбай батыр – жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық жорығын ұйымдастырушылардың бірі атақты батыр, қолбасшы. Орта жүздің Арғын тайпасының Қанжығалы руынан шыққан. XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресте атағы шығып, тарихта қалған бірнеше Бөгенбайлар болған. Зерттеушілер арасында олардың есімдері мен батырлығы бір бірімен шатастырулар орын алуда. Тарихта есімдері қалған Бөгенбайлар саны төртеу. Атап айтсақ, Керей Бөгенбай Маянбайұлы, Қанжығалы Бөгенбай Ақшаұлы, Шақшақ Бөгенбай Біркұртқаұлы (Қожекеұлы), Табын Бөкенбай Қараұлы [23]. Бөгенбай батыр халықтың жадында ерекше ерлігімен батырлығымен әскер басылық ісімен қалған. Оның алғашқы ерлік жолы Еділден өтіп, қазақ ауылдарына шабуылдаған дұшпандармен шайқастан басталған. Жиырма сегіз жасында 30 мың қолды бастап барып, жауларды Еділден қуып ерлік танытқан. Сол кезден бастап қазақ жері жоңғарлардан азат болмайынша Бөгенбай батыр аттан түспей, ел тыныштығы үшін талай шайқастарға қатысқан [24]. Бөгенбай батыр ескерткіші Ерейментау қаласында 2009 жылы қала әкімшілігінің жанында орнатылған (5 сурет). Орнатылған ескерткіштің артынан «батырлар аллеясы» жалғасады. Бұл аллеяда Қанжығалы руынан тараған елін қорғаған батырлық пен қайсарлықтың символына айналған тарихи тұлғаларға арналған бюст мүсіндер орнатылған. Аталған жоба жергілікті халықтың бастамасымен және меценаттардың



демеушілігімен жүзеге асып, жыл сайын жаңа батырлардың есімдерін ұлықтауға арналған шаралармен толықтырылып отырады. Өңірдегі батырлар аллеясы – ұлттық болмыс пен елдік сананың көрінісі ретінде маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Қанжығалы руы - қазақ халқының тарихында ерекше орны бар, батырлығымен танылған. Батырлар аллеясында осы рудың батырларына орнатылған ескерткіштер Ерейментау өңірінің мәдени ландшафтысының ерекшелігін айқындайды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде қазақ халқының батырлық феномені – тарихи жады, ұлттық рух пен мәдениет тоғысындағы терең мазмұнды құбылыс. Батырлық ол ананың сүтімен атасының қанымен берілген қасиет. Қазақ батырлары – ол батырлар жырында жырланған эпикалық кейіпкер ғана емес, ол- бүгінгі қоғам үшін рухани тірек, мәдени құндылықтар мен тарихи сабақтастықты жалғастырушы тұлға. Бұл зерттеуде батырлық ұғымы уақыт модустары тұрғысынан талданып оның көп қырлы сипаты айқындалды. Батыр бейнесі - тек тарихи дерек емес, ол мәдени код, ерліктің символы, батырлық дәстүрін дәріптейтін нышан екендігі дәлелденді. Мақалада зерттеген мәселелерді топтастыра келе:

- Батыр тек жауынгерлікті білдіретін ұғым емес, күнделікті өмір салтымызда қолданылады екені анықталды;

- қазақ дүниетанымында батыр ол дәстүрмен өлшенгендігі анықталды;

- Батырларға орнатылған ескерткіштер- батырлық феноменінің материалдық көрінісі ретінде зерттеліп, олардың орналасқан өңірлердің тарихи мәдени маңызы талданды.

- Коммеморациялық тәжірибелер батыр бейнесін ұрпақ жадында сақтап, қоғамдық санада батырлықты жаңғыртудың заманауи үлгісін көрсетті.

- Далалық зерттеулер арқылы алынған мәліметтер Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан өңірлерінде батырлықты дәріптеу тәжірибесін көрсетуге негіз болды.

- Феноменологиялық және нарративті талдау әдістері батырлықты тек тарихи оқиға емес, мәдени тәжірибе, рухани құндылық ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Батырлар ескерткіштері - әлеуметтік ландшафттың сәнін келтіріп тұрған архетипуралық құрылыс емес, сонымен қатар қоғамның мәдени тарихи танымы мен ерлік рухын көтеріп, ұлттық бірегейлік пен тәуелсіздіктің нышаны, ретінде көрініс табады.

Зерттеу жұмысымыздың нысаны болған тарихи тұлғалар тек өткеннің естелігі емес, ұлттық болмысты қайта жаңғырту мен ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы. Осы тұрғыдан алғанда батырлық – ұлттың тарихи мәдени болмысын қалыптастыратын негізгі құндылықтардың бірі. Сонымен қатар, батырлық феномені қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени ландшафта жаңаша сипат алуда. Батырлар ескерткіштері қоғамдық жадыны жаңғыртумен қатар, ұлттық идеологияны, отанын сүйюді, халқына адалдықты қалыптастырудың маңызды құралына айналып отыр. Қорытындылай келе, зерттеу барысында алынған



тұжырымдар, батырлық феноменінің қазіргі мәдени контексте өзектілігін мен ұлттың рухани дамуы мен тарихи жадының ерекше рөл атқаратынын дәлелдейді.

Еліміздің Солтүстігі мен Орталық өңіріндегі жүргізілген далалық зерттеулер нәтижесі бойынша жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырылған ұлт азаттық күресте ерлік көрсеткен батырлар ескерткіштерінің реестрі жасалды (Қосымша 1). Бүгінгі таңдағы батырлардың ерлігі үшін, арнайы орнатылған ескерткіштердің басты назарға ала отырып, оларға тарихи мәдени контексте интерпретация беру өз нәтижесін береді деп есептейміз.

(Қосымша 1) Қазақ батырларының ескерткіштерінің реестрі

№	Ескерткіш атауы	Орналасқан жері және жылы	Авторлары	Түсініктеме
1	Ер Жәнібек Бердәулетұлы	Қалбатау 2009	Шаймұрат Өтепбаев	Мемориалдық кешенге биіктігі 6,5 метрлік қоладан құйылған екі аяғымен тік тұрған батыр мүсіні, 44 метрлік стелла 30 метр қашықтықта орналасқан кесене кіреді.
2	Малайсары Тоқтауылұлы	Павлодар 2016	Болат Құсайынов	Атты мүсін ескерткіштің биіктігі 11 метр. Мүсін қоладан құйылған.
3	Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы	Арқалық 1993	Әбілбек Ұзақұлы	Атты мүсін. Мүсін қоладан құйылған.
4	Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы	Қостанай 2017	Қадыржан Кәкімов	Атты мүсін ескерткіштің биіктігі 14 метр. Мүсін қоладан құйылған.
5	Ақжолтай Ағыбай	Балхаш 2007	Жеңіс Қалиев Еркін Шахиев	Атты мүсін ескерткіштің биіктігі 7 метр. Мүсін қоладан құйылған. Тұғыры гранит тастан жасалған.
6	Қанжығалы Бөгенбай	Ерейментау 2010	Шота Аман Уәлиханов	Атты мүсін ескерткіштің биіктігі 11 метр. Мүсін



				қоладан құйылған. Тұғырының сырты қара плиталармен қапталған.
--	--	--	--	--

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР226855932 «Қазақстанның қазіргі мәдениетіндегі батырларды мемораилдандыру практикасы» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Назарбаев, Н. Ә. (2018). Ұлы даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан 21.
- [2] Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігі. - Алматы. 1976.Т.ІІ.- 152 б.
- [3] Алпысбес М.А. Шежіредегі қазақ батырлары туралы ғұмырнамалық деректер // «Олжабай батыр – ел қаһарманы» конференция жинағы. Павлодар: Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2013. 330б. Б. 11-33.
- [4] Кляшторный, С. Г. (1964). Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии М: Наука, 1964.-113
- [5] Валиханов Ч.Ч. Соб. соч. в пяти томах, т 4 – Алматы, 1985.-258 с.
- [6] Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық / Құрастыр. М.Мағауин, М. Байділдаев. - Алматы: Жазушы, 1989 – Т.1.-384 б.)
- [7] Ерофеева, И. В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы, 1999. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.)/История Казахстана в русских источниках, 3, 1961 - 409.
- [8] Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Алматы «Социнвест» - Москва «Горизонт», 1995- 320.
- [9] Алпысбес М.А. Абылай заманындағы қазақ батырлары туралы тарихи-шежірелік таным // Бәйімбет батыр – қазақ хандығының көрнекті қаһарманы. Халықар. ғыл.-тәжір. конф. материалдары. Алматы: ТОО «Latin-Print» баспасы, 2015. -220б. Б.28-44.
- [10] Ерофеева И.В. Символы казахской государственности. Позднее средневековье и новое время. Алматы, 2011.-152с.
- [11] Дауытбекова М.Қазақ қоғамындағы батырлар институтының тарихи бастаулары. // 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. //Материалы международной научной конференции. – Алматы. 2001.-932 с.
- [12] Қозыбаев М.К. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы,1984.-7.
- [13] Медеуова К. Затянувшаяся «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане //Новое литературное обозрение. – 2020. – №. 1. – С. 256-274.
- [14] Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. Монография. Астана: ВG-Print, 2013.320б.



[15] Ермагамбетова Қ. Оразбаева Д.Е. Шығыс Қазақстан өңірінде батырларды мемориалдау үрдісі: мәдени антропологиялық талдау // Керуен. – 2022. – Т. 74. – №. 1. – С. 316-333.

[16] Медеуова К.А. (2007) «Конная скульптура современности» // Вестник КазНУ серия политология, философия, культурология, 2007. - №1. – с 47-56.

[17] Мәшһүр Жүсіп. Абылай хан дәуірі // Абылай хан Құрастырған С.Дәуітов. - Алматы: Жазушы, 1993. - 416 б.

[18] Жамбыл Омари. Малайсары Тархан XVIII ғасырдың ұлы тұлғасы Павлодар, 2007. – 277 б.

[19] Павлодар облысындағы «Ұлы дала елі» фестивалі URL: <https://www.azattyq.org/a/festival-uly-dala-eli/27935474.html>

[20] Shakshak Zhanibek Koshkaruly / Kurastyrushy Zh. Bekbolatuly. - Almaty: Asyl Soz, 2013. - 383, [1] b.: sur. - ISBN 978-601-80190-9-8.

[21] А.М. Жақулаев, А.М. Бабашов Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Ағыбай батыр образы Вестник Карагандинского университета Серия «Филология». № 2(110)/2023

[22] Ақжолтай Ағыбай батыр. Марат Әбсембет Ағыбайтегі. - Жезқазған 1992. 181- б.

[23] Карамендин С. Батырдың аты өшпейді: төрт Бөгенбай, үш Бөгенбай хақында // Қазақ батырлары. - 1991.-29 қараша;

[24] Б.Нәсенов XX-XXV кітап. Нияз батырдан Есет батырға дейін. Мәскеу архивтері сөйлейді. Алматы- Новосибирск, 2014 ж. 726 б.

REFERENCES

[1] Nazarbayev, N. A. (2018). Seven facets of the Great Steppe. Sovereign Kazakhstan 21.

[2] Explanatory Dictionary of the Kazakh language. - Almaty. 1976. Vol. II. - 152 P.

[3] Historical facts about Kazakh batyrs in the Chronicle of Alpysbes M. A. // collection of the conference "Olzhabay batyr – El kaharmany". Pavlodar: Sultanmkhut Toraigyrov Pavlodar State University, 2013. 330p.pp. 11-33.

[4] Klyashtorny, S. G. (1964). Ancient Turkic runic monuments as a source for the history of Central Asia Moscow: Nauka, 1964.-113

[5] Valikhanov Ch. Ch. Sob.Soch.in five volumes, T 4-Almaty, 1985. -258 s.

[6] Bes ғасыр jyrlaidy: 2 tomdyq / Qūrastyr. M.Mağauin, M. Baidıldaev. - Almaty: Jazuşy, 1989 – T.1.-384 b.)

[7] Erofeeva, I.V. Han Abulhair: polkovodes, pravitel i politik. Almaty, 1999. Jurnalny i slujebnyye zapiski diplomata Aİ Tevkeleva po istorii i etnografii Kazahstana (1731-1759 gg.)//İstoria Kazahstana v ruskih istochnikah,3, 1961 - 409.

[8] Masanov N.E. Kochevaia sivilizasia kazahov: osnovy jiznedeiatelnosti nomadnogo obşestva. Almaty «Sosinvest» - Moskva «Gorizont», 1995- 320.

[9] Alpysbes M.A. Abylai zamanındaғы qazaq batyrlary turaly tarihi-şejirelik tanym // Baimbet batyr – qazaq handyğynyñ körnekti qaharmany. Halyqar. ғыl. - täjir. konf. materialdary. Almaty: TOO «Latin-Print» baspasy, 2015. -220b. B.28-44.



- [10] Erofeeva I.V. Simvol'y kazahskoi gosudarstvenosti. Pozdnee srednevekove i novoe vremä. Almaty, 2011.-152s.
- [11] Dauytbekova M. Qazaq qoğamyndağy batyrlar institutynyñ tarihi bastaulary. // 10 let nezavisimosti Kazahstana: itogi i perspektivy razvitiä. //Materialy mejdunarodnoi nauchnoi konferensii. – Almaty. 2001.-932 s.
- [12] Qozybaev M.K. Jaudy shaptym tu bailap. - Almaty,1984.-7
- [13] Medeuova K. Zatyanuvshayasya «sovetskost'» i transformacii kollektivnoj pamyati: sovetskie i postsovetskie memorial'nye komplekсы v Kazahstane //Novoe literaturnoe obozrenie. – 2020. – №. 1. – S. 256-274.
- [14] Alpysbes M.A. Қазақ shezhiresi: tarihnamalyқ-derektanulyқ zertteu. Monografiya. Astana: BG-Print, 2013.320b. Alpysbes M. A. Kazakh Chronicle: historiographic and source study. Monograph. Astana: BG-Print, 2013.320 P.
- [15] Ermagambetova Қ. Shyғыс Қазақстан өңірінде batyrlardy memorialdau үрdisi: мәдени antropologiyalyқ taldau //Keruen. – 2022. – Т. 74. – №. 1. – S. 316-333.
- [16] Medeuova K.A. (2007) «Konnaya skul'ptura sovremennosti» // Vestnik KazNU seriya politologiya, filosofiya, kul'turologiya, 2007. - №1. – s 47-56.
- [17] Mäshür Jüsip. Abylai han дәuirі // Abylai han Qūrastyrған S. Däuitov. - Almaty: Jazuşy, 1993.-416 b.
- [18] Jambyl Omari. Malaisary Tarhan XVIII ğasyrdyñ üly tұлğasy Pavlodar, 2007. – 277 b.
- [19] Pavlodar oblysyndağy “Uly dala eli” festivals URL: <https://www.azattyq.org/a/festival-uly-dala-eli/27935474.html>
- [20] Şaqşaq Jänibek Qoşqarұly/ qūrastyruşy J. Bekbolatұly. - Almaty: Asyl Söz, 2013. - 383, [1] b.: sur. - ISBN 978-601-80190-9-8.
- [21] M. Jakulaev, A.M. Babaşov Esenberlinniñ «Qahar» romanyndağy Ağybai batyr obrazы Vestnik Karagandinskogo universiteta Seria «Filologia». № 2(110)/2023
- [22] Aqjoltai Ağybai batyr. Marat Äbsembet Ağybaitegi. - Jezqağan 1992. 181- b.
- [23] Karamendin S. Batyrdyñ aty öşpeidi:tört Bögenbai, üş Bögenbai haqynda // Qazaq batyrlary. - 1991.-29 qaraşa
- [24] B. Näsenov XX-XXV kıtap. Niaz batyrdan Eset batyrğa deim. Mäskeu arhivteri söileidi. Almaty- Novosibirsk, 2014 j. 726 b.

Оразбаева Д.Е.

ФЕНОМЕН БАТЫРСТВА В МОДУСАХ ВРЕМЕНИ

(в историческом модусе)

Аннотация. В статье феномен батырства рассматривается в культурном модусе времени, исследуется его роль в формировании национальной идентичности казахского народа. Традиция батырство рассматривается как важный культурный феномен, отражающий национальный духовный код, культурную единство и историческую преемственность. Феномен батырства показывает культурный диалог времени, в котором прошлое и настоящее соединяются, раскрывая единство национального сознания и исторического опыта. В статье ставится задача ответить на вопрос: каким образом «образ казахских батыров



репрезентировался в различных модусах времени и как он влияет на формирование национальной памяти?»

Цель исследования состоит в комплексном анализе феномена батырства в контексте культурного модуса времени и выявлении его историко-культурной репрезентации.

В теоретической части исследования феномен батырства рассматривается через призму исторических событий, различных дискурсов и понятий историко-культурной памяти.

В эмпирической части статьи анализируются памятники установленных в честь батыров, проявивших героизм на пути к независимости страны: Ер Жәнібека Бердәулетұлы, Малайсары Токтауылы, Шакшақ Жәнібека Қошқарұлы, Ақжолтай Ағыбай, Қанжығалы Бөгенбай.

Фотоматериалы и сопутствующая информация, использованные в статье, получены в ходе полевых исследований, проведённых в Северном и Центральном Казахстане.

Ключевые слова: феномен батырство, модус времени, образ батыра, кайсар рух, памятник, культурная память, кахарман, история.

Orazbayeva Dana
THE PHENOMENON OF BATYRSVO IN THE MODUS OPERANDI OF
TIME
(in historical modus)

Annotation. In the article, the phenomenon of batyrship is examined within the cultural modus of time, with a focus on its role in shaping the national identity of the Kazakh people. The tradition of batyrship is interpreted as an important cultural phenomenon that reflects the national spiritual code, cultural unity, and historical continuity. The phenomenon of batyrship represents a cultural dialogue of time, in which the past and present are interconnected, revealing the unity of national consciousness and historical experience.

The article seeks to answer the question: in what ways has the image of Kazakh batyrs been represented in different temporal modi, and how does it influence the formation of national memory?

The aim of the study is to provide a comprehensive analysis of the phenomenon of batyrship in the context of the cultural modus of time and to identify its historical and cultural representation.

In the theoretical part of the study, the phenomenon of batyrship is considered through the prism of historical events, various discourses, and the concepts of historical and cultural memory.

In the empirical part, monuments erected in honor of batyrs who demonstrated heroism on the path to the country's independence are analyzed, including those dedicated to Er Zhanibek Berdauletuly, Malaisary Toktauwuly, Shakshak Zhanibek Koshkaruly, Akzholtai Agibai, and Kanzhygaly Bogenbai.

The photographic materials and accompanying information used in the article were obtained during field research conducted in Northern and Central Kazakhstan.

Keywords: phenomenon of batyrism, temporal modus, image of the batyr, Kaisar Rukh, monument, cultural memory, kaharman, historical narrative